

## **Жезқазған қалалық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы**

Қарағанды облысы Жезқазған қалалық мәслихатының 2017 жылғы 23 қарашадағы № 14/144 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 8 желтоқсанда № 4467 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңына сәйкес Жезқазған қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Жезқазған қалалық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын:

1) Жезқазған қалалық мәслихатының 2014 жылғы 14 сәуірдегі № 23/196 "Жезқазған қалалық мәслихатының Регламентін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 2633 тіркелген, 2014 жылғы 21 мамырдағы "Әділет" ақпараттық - құқықтық жүйесінде, "Сарыарқа" газетінде 2014 жылғы 30 мамырдағы № 21 (7876) жарияланған);

2) Жезқазған қалалық мәслихатының 2014 жылғы 26 қарашадағы № 30/262 " Жезқазған қалалық мәслихатының кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы" ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 2893 тіркелген, 2015 жылғы 21 қаңтардағы "Әділет" ақпараттық - құқықтық жүйесінде, "Сарыарқа" газетінде 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 4 (7912), "Жезказганский вестник" газетінде 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 4 (54) жарияланған) шешімімен бекітілген Жезқазған қалалық мәслихатының кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістердің 1- тармағы.

2. Жезқазған қалалық мәслихатының 2017 жылғы 11 қазандағы № 13/138 Жезқазған қалалық мәслихатының 2014 жылғы 14 сәуірдегі № 23/196 "Жезқазған қалалық мәслихатының Регламентін бекіту туралы" шешімнің күші жойылды деп тану туралы" шешімі жойылсын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*Қалалық мәслихаттың хатшысы*

*Н. Бериков*

*С. Медебаев*